

# Сахна төрінде – Сейіт Кенжеахметұлының сатирасы

Құттықтаймыз

Қазақ жасөспірімдер театрында «Серке сөздің серісі» атанған белгілі жазушы, сатирик, этнограф - ғалым Сейіт Кенжеахметұлының туғанына 80 жыл толуына орай әзіл - сықақ театрларының арасында «Мірдің оғы» атты Республикалық фестиваль өтті.

Талантты сықақшы, сатира саңлағы, Сейіт Кенжеахметұлының сағаттыңдай туындылары туған өңірі жұртымен қайта қауышты. Жерлесіміздің туғанына - 80 толуына орай өткен фестивальге облысымыздың әр өңірінен және Ақтөбе қаласынан «Екі езу» сатира театры арнайы келіп, екі күн бойы әзіл сүйер ағайынның ықыласына бөленді. Шарада бақ сынаған ұжымдар мен жеке орындаушылардың өнерін Республикаға танымал сықақшы Көпен ӘМІРБЕК бастаған қазылар бағалады.

Сатирикпен замандас, сырлас болған, достары Көпен ӘМІРБЕК, ақын Нағашыбай МҰҚАТОВТАР Сейіт Кенжеахметұлы жайлы естеліктер айтып, Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы Гүлбану ЕЛТЕБАЕВА танымды кешке қатысушыларға деген қала әкімінің жылы лебізін жеткізді.

Жер - жерден келген өнер ұжымдары мен жеке орындаушылар Сейіт ағамыздың қаламынан туған сатиралық туындыларды сахналады. Қоғамның шындығын дөп басатын Сейіт



Әсіресе Республикалық «Көңілашар» телевизиялық шоуының жеңімпазы Біржан ЖҮЗБАЙ ұсынған «Сейіт ағамыз деген екен» әзілдер топтамасы, Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің «Гран - При» иегері, Ақтөбе қаласынан арнайы келген «Екі - езу» әзіл - сықақ театры қойған автордың «Ене мен келін» қойылымдары зор қошеметке ие болды.

Шара соңында Сейіт КЕНЖЕАХМЕТОВТИҢ - 80 жылдығына арналған Республикалық «Мірдің оғы» әзіл-сықақ театрлары фестиваліне қатысушылар өнер көрсету деңгейлеріне сай тиісті марапаттарына ие болды. Аманкелді ауданынан келген Мейрамхан Қапышев атындағы Халық театры, Жангелдин ауданынан «Күлкі» әзіл-сықақ

Әмірзақов атындағы Таран аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған Халық театры фестивальге қатысқаны үшін «Алғыс хат» иеленсе, Елубай Әмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының «Маса» әзіл-сықақ театры «Үздік дебют», Меңдіқара аудандық «Әдемі әзіл» студиясы «Үздік әзіл сықақ театры», Біржан ЖҮЗБАЙ «Көрермендер көзайымы» және Аргын ЖҮКЕБАЕВ «Үздік актерлік шеберлігі үшін» номинациясымен марапатталды. Ал, Ақтөбе қаласынан келген «Екі езу» сатира театры «Сейіт Кенжеахметов атындағы арнайы жүлдеге» лайық деп танылды. Қатысушылардың барлығына ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Аида ЖОЛДЫ,  
А. Байтұрсынов атындағы